

Қосымша 5  
«Қазақстан темір жолы» ұлттық  
компаниясы» акционерлік қоғамының  
«Ақмола магистральдық желі бөлімшесі»  
филиалы директорының бұйрығына

## Жалға берудің үлгі шарты

\_\_\_\_\_ қ.

20\_\_ жылғы «\_\_» «\_\_\_\_»

Бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын **«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы** атынан \_\_\_\_\_ (қол қоюшының Т.А.Ә., лауазымын көрсету) \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін тұлға (қол қоюшының өкілеттігін растайтын құжатты көрсету), бір жағынан және \_\_\_\_\_

бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ (қол қоюшының \_\_\_\_\_ Т.А.Ә., \_\_\_\_\_ лауазымын \_\_\_\_\_ көрсету)

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін тұлға (қол қоюшының өкілеттігін растайтын құжатты көрсету), екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей,

мынаның негізінде (қажет болған жағдайда құжаттар тізбесі өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін): 20\_\_ жылғы «\_\_» № \_\_\_\_ Жалға берушінің және/немесе Жалға алушының хаттамасы/шешімі \_\_\_\_\_ (шарт жасасуға шешім қабылданған құжатты көрсету),

осы Жалға берудің шартын (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы жасасты.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Жалға беруші Жалға алушыға оның ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес жылжымайтын мүлікті (бұдан әрі – Алаң) уақытша иеленуге және пайдалануға ақы үшін беруге, ал Жалға алушы Алаңды қабылдауға және жалдау ақысын уақтылы енгізуге міндеттенеді.

1.2. Берілген Алаң Жалға берушіге меншік құқығымен немесе басқа заңды негізде тиесілі.

1.3. Жалға беруші \_\_\_\_\_ (оның нысаналы мақсатын көрсету қажет) Алаңды нысаналы пайдалануға келісім береді.

### 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

#### 2.1. Жалға беруші мынаған міндетті:

2.1.1. Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде осы Шартқа № 2 қосымшада көзделген қабылдау-тапсыру актісінің

негізінде Алаңды Жалға алушыға оның қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз ететін жағдайда беруге;

2.1.2. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған не бұзылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Алаңды қабылдау-тапсыру актісі негізінде және Шартта көзделген өзге де талаптарға қабылдау;

2.1.3. Жалға алушыны жұмыстарды жүргізу (Объектті реконструкциялау, күрделі жөндеу және басқалар) басталғанға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күн бұрын осындай жоспарланған жұмыстарды жүргізу туралы хабардар ету.

## **2.2. Жалға беруші мынаған құқылы:**

2.2.1. Алаңның эскиздік жобаға/дизайн жобаға сәйкестігіне тексеру жүргізу, қажеттілігіне қарай Алаңға түгендеу жүргізу және Шарт талаптарының сақталуын тексеру, сондай-ақ жалға берілген Алаңның бар-жоғын, жай-күйін және бағалануын тексеру және Жалға алушыға Шарт талаптарына қайшы келетін әрекеттерді тоқтату туралы нұсқау беру. Бұл ретте Алаңның жай-күйі Жалға алушының әрекеттерімен нашарлаған жағдайда жүргізілетін тексерулер саны ұлғайтылуы мүмкін;

2.2.2. Алаңды пайдалану және нысаналы пайдалану тәртібін бұзушылықтарды жою туралы Жалға алушының орындауы үшін міндетті нұсқаулар беру;

2.2.3. Жалға алушы Алаңды қабылдау-тапсыру актісі бойынша Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған күні қайтарылмаған немесе уақтылы қайтарылмаған жағдайда, мерзімін кешіктірудің барлық уақыты үшін жалдау ақысын енгізуді талап етуге;

2.2.4. Жалға алушы Алаңның аумағынан өз мүлкін әкетпеген жағдайда, Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған күні осы мүлікке өз қалауы бойынша билік етеді. Бұл ретте Жалға беруші мұндай мүліктің сақталуына жауапты болмайды;

2.2.5. Жалға алушыдан Шарт талаптарына сәйкес жалдау құнын уақтылы төлеуді талап ету;

2.2.6. Жалға алушының, Жалға берушінің және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкінің қауіпсіздігін, денсаулығы мен өмірін қамтамасыз ету мақсатында Объектті реконструкциялау және/немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу, бұл туралы Жалға алушыны Жалға берушінің бастамасы бойынша осындай жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күн бұрын хабардар ету;

2.2.7. Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта, егер Алаңды пайдалану Жалға алушының, Жалға берушінің және/немесе үшінші тұлғалардың қызметкерлерінің мүлкіне, денсаулығына және өміріне зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін болған жағдайда Жалға алушының Объектке қол жеткізуін уақытша шектеу, Жалға берушіге мұндай жағдайлар белгілі болған күннен бастап кемінде 3 (үш) жұмыс күн бұрын бұл туралы Жалға алушыға хабардар ету;

2.2.8. Жалға алушы Шартта көзделген міндеттемелердің кез келгенін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, тиісті бұзушылық жойылған сәтке дейін Жалға алушының Алаңда өз қалауы бойынша кез келген заңды тәсілмен кіруін шектеу. Бұл ретте Жалға берушінің осы тармақта көзделген Жалға алушының Алаңға кіруін шектеуді енгізуі Жалға алушыны жалдау ақысын төлеуден босатпайды.

2.2.9. Жұмыстарды жүргізу аяқталғаннан кейін, Алаңның эскиздік жобаға/дизайн жобаға сәйкестігіне тексеру жүргізу. Бұл ретте Жалға беруші Жалға алушыдан 5 (бес) жұмыс күн ішінде тиісті кемшіліктерді жоюды/түзетуді талап етуге құқылы:

2.2.10. Жалға алушының Жалға беруші және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде Жалға берушіге тиесілі ұйымдардың алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша Жалға берушінің Жалға алушы алдындағы кредиторлық берешегі сомасынан Жалға алушының берешек сомасын акцептсіз ұстап қалу.

2.2.11. 6.2-тармақта белгіленген жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзу.

2.2.12. алаңды Шарттың 2.3.-тармағының 2.3.2.-тармақшасында көзделген Жалға алушының ұсынылған эскиздік жобасына/дизайнына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыстардың мерзімі асып кеткен жағдайда, жұмыстардың аяқталу дәрежесіне қарамастан жалдау ақысын алуды бастау керек.

### **2.3. Жалға алушы міндетті:**

2.3.1. Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылдау-тапсыру актісі негізінде Алаңды қабылдайды;

2.3.2. Шарттың 2 қосымшасына сәйкес Алаңды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Алаңды Жалға берушімен келісілген Жалға алушының ұсынылған эскиздік жобасына/дизайнына сәйкес келтірсін және Шартқа 4 қосымшаға сәйкес пайдалануға беру актісіне қол қоя отырып, пайдалануға енгізілсін.

Егер алаң банкоматтарды, постаматтарды, төлем терминалдарының барлық түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсетудің автоматты кассаларын, вендингтік аппараттарды, фандоматтарды, қайырымдылық және туристік объектілерді, мемлекеттік ұйымдардың баннерлері мен инфокиосктерін орналастыруға, сондай-ақ «кеңсе үй-жайы», «қойма үй-жайы», «қосалқа үй-жай» нысаналы мақсатына арналған алаңдар бойынша орналастыруға арналған болса және жарнамалық сипаттағы ақпаратты орналастыруға арналған алаңдар бойынша (баннерлер, LED-экрандар, инфокиоскалар және жарнамалық сипаттағы басқа да объектілер), маусымдық сипаттағы тауарларды өткізуге арналған алаңдар 2 қосымшаға сәйкес қабылдау-тапсыру актісі және 4 қосымшаға сәйкес пайдалануға беру актісі бір күнмен, бірақ Шартқа қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей бір санмен белгіленеді.

2.3.3. Аланды ақаусыз күйде ұстау, оның сақталуын қамтамасыз ету, өз есебінен уақтылы және тиісінше жүргізу, Аланды ағымдағы жөндеу және оны күтіп ұстау бойынша шығыстарды көтеру;

2.3.4. Аланды Шарттың талаптарына, оның нысаналы мақсатына, техникалық ерекшелігіне (Шартқа 3-қосымша), санитариялық-эпидемиологиялық, өрт, терроризмге қарсы және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де пайдалану қағидаларына сәйкес пайдалану;

2.3.5. Шарттың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес жалдау ақысын төлеу;

2.3.6. Жалға берушіге Аланды пайдалану кезінде материалдық залал келтірілген жағдайда келтірілген материалдық залалды өтеуге не 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен өз күшімен тиісінше жоюға;

2.3.7. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған не бұзылған күні Аланды Шартқа 2-қосымшаға сәйкес қабылдау-тапсыру актісінің негізінде ақаусыз күйде Жалға берушіге беру;

2.3.8. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған не бұзылған күні Жалға берушінің келісімімен өз мүлкін, қоқыс пен қатты-тұрмыстық қалдықтарды Алаңның аумағынан шығару, сондай-ақ Алаңның аумағын ҚР санитариялық-эпидемиологиялық нормалары мен экологиялық заңнамасына сәйкес келтіру;

2.3.9. Жалға берушінің Шарт талаптары бойынша өз құқықтарын іске асыруы кезінде кедергілер тудырмауға;

2.3.10. Жалға алушының Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Жалға берушінің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмейді. Жалға алушының басқару органы Жалға алушыны ерікті түрде қайта ұйымдастыру/тарату туралы шешім қабылдаған не мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру/тарату (сондай-ақ оңалту рәсімдері) рәсімдеріне бастамашылық жасаған жағдайда бұл туралы Жалға берушіні дереу хабардар етуге міндетті;

2.3.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шартты мемлекеттік тіркеуді өз есебінен жүзеге асыру (Шартты бір жылдан астам мерзімге жасасу кезінде не Шарттың қолданылуын бір жылдан астам мерзімге ұзарту кезінде);

2.3.12. Шарт бойынша нысаналы мақсатқа сәйкес қызметтің барлық түрлеріне барлық қажетті лицензиялар мен рұқсаттарды өз бетінше алуға және жаңартуға және аталған лицензиялар мен рұқсаттарды алуға байланысты барлық тәуекелдерді көтеруге;

2.3.13. Жалға берушіні Алаңның сипаттамаларының туындаған өзгерістері немесе оны пайдалану кезінде болған техникалық авариялар туралы, сондай-ақ Алаңның және оның бөліктерінің бүліну фактілері туралы, оның ішінде үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері туралы олар туындаған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабардар етуге;

2.3.14. Алаңның сәулеттік келбетін және (немесе) қала құрылысы аспектілерін тек Жалға берушінің келісімімен және құрылыс, санитарлық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы және басқа да міндетті нормалар мен ережелерге сәйкес қалпына келтіру, күшейту, қайта құру, реконструкциялау,

кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, модификациялау, қалпына келтіру, сондай-ақ өзгерту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

2.3.15. Жалға берушіге Алаңның мақсатты пайдаланылуын, жалға берілген Алаңның болуын, жай-күйін және бағалануын, коммуникациялар мен жабдықтардың техникалық жай-күйін тексеру мақсатында Алаңды қарауға/тексеруге кедергі келтірмеу;

2.3.16. Алаңда жұмыстарды жүргізу (Алаңды қайта жаңарту, күрделі жөндеу және басқалар) туралы Жалға берушінің хабарламасында көрсетілген мерзімдерде Жалға берушіге және/немесе үшінші тұлғаларға осындай жұмыстарды жүргізу үшін Алаңға кіруге рұқсат беру;

2.3.17. Алаңды иеліктен шығармауға және оған өзгеше түрде билік етпеуге, сондай-ақ Алаңға және оның бір бөлігіне үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарының туындауына жол бермеуге (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салым ретінде өтеусіз пайдалануға, кепілге беруге);

2.3.18. барлық өртке қарсы қауіпсіздік шараларын, техника қауіпсіздігін және экологиялық қорғауды қамтамасыз ету; өрт қауіпсіздігі қағидаларын (оның ішінде темекі шегу режимі бойынша тәртіп белгілеу) және еңбекті және өзге де жұмыстарды қорғау талаптарын қатаң сақтау; өз мүлкін де, Жалға берушінің мүлкін де өрттен, ұрлықтан және басқа да себептерден, Алаңдағы барлық материалдар мен жабдықтарды залалдың, бүлінудің және/немесе жойылудың барлық түрлерінен қорғауды және сақтауды қамтамасыз ету;

2.3.19. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адам тағайындайды және Жалға берушіге Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей осындай мақсатын растайтын құжат ұсынылуға;

2.3.20. Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария және экология саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамағаны/бұзғаны үшін бақылаушы және қадағалау органдары алдында толық жауаптылықта болуға, сондай-ақ Жалға алушының өз қызметкерлері мен келушілері алдында оның не Жалға берушінің аумағында болған уақытында олардың мүлкіне келтірілген залал үшін толық материалдық жауапты болуға тиіс. Осы тармақ бойынша, оның ішінде айыппұлдар мен алымдарды төлеу бөлігіндегі міндеттер Жалға алушыға осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде де, ол тоқтатылғаннан кейін де сақталады. Бұл ретте Жалға алушының Шартты тоқтатуға не бұзуға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

2.3.21. Жалға алушы пайдаланатын Алаң шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан Жалға берушіге шағым жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою бойынша жұмыс жүргізу, сондай-ақ айыппұлдарды (алымдарды) төлеу және егер мұндай бұзушылықтар Жалға алушының кінәсінен туындаса, уәкілетті мемлекеттік орган анықтаған бұзушылықтарды жоюға байланысты өзге де

шығыстарды көтеру. Осы тармақ бойынша, оның ішінде айыппұлдарды (алымдарды) және өзге де шығыстарды төлеу бөлігіндегі міндеттер Жалға алушыға Шарттың қолданылу мерзімі ішінде де, сонымен, оны тоқтатқаннан кейін де сақталады. Бұл ретте Жалға алушының Шартты тоқтатуға не бұзуға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

2.3.22. Жалға берілген Жалға берушінің мүлкін, сондай-ақ жалға алынған Алаңдағы меншікті мүлікті және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкін қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

2.3.23. Жалға беруші айыппұл санкцияларын төлеген жағдайда, Шарттың 2.3.20 және 2.3.21-тармақтарына сәйкес Жалға алушының кінәсі болған кезде, Шарттың қолданылу кезеңінде де, Шарт тоқтатылғаннан не бұзылғаннан кейін де Жалға берушіге келтірілген залалды толық көлемде өтеуге міндетті. Бұл ретте Жалға алушының Шартты тоқтатуға не бұзуға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

#### **2.4. Жалға алушы құқылы:**

2.4.1. жалға берілген аумақты Шарт талаптарына сәйкес және мақсаты бойынша пайдалану;

2.4.2. Шарттың 6.3-тармағында көзделген жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзу.

### **3. Жалдау ақысы**

3.1. Осы Шарт бойынша бір айдағы жалдау ақысының мөлшері \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге, ҚҚС есебімен кұрайды. Шарт бойынша жалпы сома \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге, ҚҚС есебімен кұрайды.

3.2. Бір айға жалдау ақысын Жалға алушы есептік айдың алдындағы айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін төлейді.

3.3. Жалдау ақысының мөлшері Жалға берушінің бастамасымен жылына бір рет алдыңғы күнтізбелік жылдағы нақты инфляция пайызына түзетіле алады. Жалдау мөлшері өзгерген жағдайда, Жалға беруші бұл туралы Жалға алушыға жалдау мөлшері өзгергенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлауы тиіс.

3.4. Егер Жалға алушы жауап бермейтін мән-жайларға байланысты Шартта көзделген Алаңды пайдалану шарттары немесе Алаңның жай-күйі айтарлықтай нашарлаған болса, Жалға алушы Жалға берушіден жалдау ақысын тиісінше азайтуды талап етуге құқылы.

3.5. Жалдау ақысын төлеу мерзімі 5 (бес) жұмыс күнінен асқан жағдайда, Жалға беруші Жалға алушының Алаңды пайдалануына тыйым салуға, Жалға алушының Алаңды босатуын және жалдау ақысын толық мөлшерде енгізуді талап етуге құқылы.

3.6. Теміржол вокзалдарын күтіп ұстауға және пайдалануға кететін барлық шығыстар жалдау ақысының мөлшеріне, соның ішінде коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығыстарға кіреді.

3.7. Егер Жалға алушының Алаңды нақты беруі (қайтаруы) Шарттың 2-бөлімі 2.3-тармағының 2.3.7-тармақшасында белгіленген мерзімнен кешіктірілсе, Жалға алушы Шартқа 8.4-тармақта көзделген айыппұл санкцияларын қолдана отырып, қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейінгі кезең үшін жалдау ақысын төлеуге міндетті.

3.8. Есептік айдың соңында тараптар нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қояды. Тараптар орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей Жалға беруші Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазады. Қызмет көрсету күні Жалға алушының орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған күні болып есептеледі.

#### **4. Алаңды қабылдау – беру тәртібі**

4.1. Алаңды қабылдау – жалға беру және оны қайтару Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған қабылдау-беру актілері негізінде жүзеге асырылады.

4.2. Жалдау мерзімін есептеу және Жалға берушінің жалдау ақысын есептеу Алаңды беру күнінен басталады.

4.3. Жалға алушы Алаңды Жалға берушіге қайтаруды Шарттың 2.3-тармағында көзделген міндеттемелерді сақтай отырып Шарттың 2-бөлімі 2.3-тармағының 2.3.7-тармақшасында көрсетілген мерзімде жүзеге асырады. Алаңды қайтару бойынша қабылдау-тапсыру актісіне барлық кемшіліктер жойылғаннан, залал өтелгеннен және мүліктің қалдық құны (қызмет ету мерзімінен бұрын істен шыққан жағдайда) және айыппұлдар (бар болса) төленгеннен кейін қол қойылады. Бұл ретте Жалға алушы осы Шарттың 2.3.6-тармақта көрсетілген мерзімді бұзған жағдайда осы Шарттың 8.4-тармағында көзделген салдары туындайды.

#### **5. Жалға алынған аумақты жақсарту**

5.1. Ауданның барлық бөлінбейтін жақсартулары, соның ішінде Жалға берушімен жазбаша келісілмеген бөлгіштер Жалға берушінің меншігі болып табылады. Жалға алушы өндірген келісілген бөлінетін жақсартулар оның меншігі болып табылады.

5.2. Жалға алушы жүргізген аумақты бөлінетін және бөлінбейтін жақсартулардың құны өтелмейді.

5.3. Жалға алынған аумақтың барлық жақсартулары Жалға берушімен келісілуі керек.

#### **6. Шартты бұзу**

6.1. Осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Шарттың талаптарына сәйкес біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

6.2. Жалға берушінің талабы бойынша Шартты бұзуға мынадай жағдайларда жол беріледі:

6.2.1. егер Жалға алушы Шарттың талаптарын елеулі бұза немесе Алаңды белгілей отырып, Жалға берушінің мұндай әрекеттерді тоқтату туралы жазбаша ескертуіне қарамастан Алаңды пайдаланса;

6.2.2. егер Жалға алушы әдейі немесе абайсызда Алаңның жағдайын нашарлатса;

6.2.3. егер Жалға алушы Жалға берушіге жалдау ақысын қатарынан 10 (он) күннен артық төлемесе;

6.2.4. Жалға алушыға Шарт бойынша Алаңды одан әрі беру қажеттілігі болмаған жағдайда;

6.2.5. Жалға алушының Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамауына әкеп соғатын өзге де мән-жайлардың туындауы;

6.2.6. егер Жалға беруші Алаң орналасқан аумақта жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізсе;

6.3. Жалға алушы келесі жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы:

6.3.1. егер Жалға беруші осы Шартқа қол қойылған күннен бастап Алаңды Жалға алушыға пайдалануға беру мерзімін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірсе не Шарттың талаптарына немесе Алаңның мақсатына сәйкес оны пайдалануға кедергі жасаса;

6.3.2. Жалға алушыға берілген Алаңның оны пайдалануға кедергі келтіретін кемшіліктері бар, олар Шарт жасасу кезінде Жалға берушімен келісілмеген, Жалға алушыға алдын-ала белгілі болмаған және Алаңды қарау кезінде немесе Шарт жасасу кезінде оның жарамдылығын тексеру кезінде Жалға алушы анықтай алмаса;

6.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

6.4. Шартты біржақты бұзған жағдайда Шартты бұзуға бастамашы болған Тарап екінші Тарапты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі.

6.5. Шартты Жалға берушінің бастамасы бойынша бұзған жағдайда, Жалға алушы Шартты бұзуға байланысты туындаған залалдарды немесе тұрақсыздық айыбын Жалға берушіге ұсынбауға міндеттенеді.

## **7. Тойтарылмас күш жағдайы**

7.1. Егер тойтарылмас күш, оның ішінде: табиғат апаты, әскери әрекеттер, ереуіл, мемлекеттік органдардың актілері және т.с.с. жағдайлардың салдары



Шарт бойынша міндеттерін орындауға тікелей әсерін тигізсе және Тараптар аталған әсерлерге төтеп бере алмай, осындай қалыптасқан жағдайда қолдану ықтималдығы бар барлық қолдан келер шаралар мен әрекеттерді қолданған жағдайда ғана, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапты болмайды.

7.2. Тойтарылмас күштің мән-жайы туындаған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай міндеттемелер және оның салдары кезіндегі уақытқа шамалас мерзімге ұзартылады.

7.3. Тойтарылмас күш жағдайына сілтейтін Тарап, осындай жағдай туындаған күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басқа Тарапқа осындай күннің түскені туралы жазбаша нысанда хабарлайды және уәкілетті орган/ұйым берген растайтын құжаттарды береді.

7.4. Тараптар келісе отыра, жоғарыда көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда, ешқандай мән-жайлар тойтарылмас күш ретінде қаралмайды және осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелері күшін жоймайды және қандай да жағдайлармен шектелмейді.

7.5. Тойтарылмас күш жағдайы аяқталғаннан кейін осы күштің ықпалына түскен Тарап, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау болжанатын мерзімін көрсете отырып, осындай жағдайлардың басылғанын туралы 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басқа Тарапқа жазбаша нысанда хабарлайды.

7.6. Егер осы жағдайлар 60-тан астам (алпыс) күнтізбелік күн бойы жалғасса, онда әрбір Тарап Шарттың болжанатын бұзылу күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын ол туралы басқа Тарапқа жазбаша алдын ала хабарлай отырып, Шартты бұзуға құқығы болады.

Бұл жағдайда Тараптар Шартты бұзу күніне дейін Жалға алушыдағы Алаңның нақты қолданыста болған күніне есептеу жүргізіледі.

7.7. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау, тойтарылмас күш жағдайлары туындаған кезде (пандемия жағдайында\*), егер орындау тоқтатылғаннан кейін мүмкін болып қалса, Жалға алушының міндеттемелері өзінен өзі тоқтатпайды деген келісімге келді. Бұл ретте Жалға алушы Жалға берушінің алдында тойтарылмас күш мән-жайларының туындауы салдарынан міндеттемелерді орындаудың кешіктірілуінен, атап айтқанда жылжымайтын мүлікті уақытша иеленгені және пайдаланғаны үшін келтірілген шығындар үшін жауап бермейді.

## **8. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды қарау тәртібі**

8.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шартқа сәйкес жауап береді. Осы Шартта реттелмеген бөлігінде Тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

8.2. Жалға беруші Жалға берілген Алаңның кемшіліктері үшін жауап бермейді, олар келісімшарт жасасу кезінде келісілген, Жалға алушыға алдын-

ала белгілі болған немесе жалға алушы алаңды тексеру кезінде Шарт жасасу және (немесе) алаңды беру кезінде анықтауы керек.

8.3. Жалдау ақысын төлеу мерзімі өткен жағдайда Жалға алушы Жалға берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін берешек сомасының 0,5 % (оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ Шарт бойынша жалдау ақысының жалпы мөлшерінің 1 % (біреуінен) аспайды.

8.4. Жалға алынған Алаң уақтылы қайтарылмаған жағдайда, Жалға алушы Жалға берушіге кідіріс уақыты үшін жалдау ақысын төлейді, сонымен қатар әрбір кешіктірілген күн үшін жалдау ақысының жалпы мөлшерінің 0,5% (оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

8.5. Жалға беруші Жалға алушы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасында белгіленген техника қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік нормаларын сақтамағаны үшін жауапты болмайды.

8.6. Жалға алушы уәкілетті органдар анықтаған Алаңда экологиялық заңнаманың нормалары мен ережелерін, санитариялық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі техникасын (өртке қарсы) сақтамау фактілері үшін материалды жауапты болады.

8.7. Шарттың 2.3 тармағының 2.3.11 тармақшасы орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, Жалға алушы Жалға берушіге осыған байланысты келтірілген залалды толық көлемде өтейді.

## **9. Объектінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану тәуекелі**

9.1. Жалға алынған Алаң Жалға берушіге қайтарылғанға дейін жалға алынған Алаңның кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупін Жалға алушы көтереді.

## **10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар**

10.1. Жалға беруші Жалға алушыны Жалға берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл саясатының (бұдан әрі-Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шарт жасасу арқылы Жалға алушы саясатпен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауға міндеттенеді.

10.2. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық пара беру не Тараптар қызметкерінің өзінің қызметтік жағдайын тараптардың заңды мүдделеріне қайшы, ақша, құндылықтар, сыйлықтар және мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы өзге де мүлік немесе көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы, тараптар үшін өзге де

мүліктік құқықтар, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін не аталған адамға басқа жеке тұлғалардың мұндай пайданы заңсыз беруі және өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес немесе болу елдері және/немесе Тараптардың бизнесті жүргізу (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) жатады.

10.3. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауына байланысты екінші Тараптың қызметкерлеріне (қызметкерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпаратты не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпаратты алған кезде) мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа тиісті фактілерді (бұдан әрі – Хабарлама) көрсете отырып жазбаша нысанда хабарлауға міндеттенеді және басқа Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алмағанын немесе орын алуы мүмкін еместігі туралы растауды алғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген растауды екінші Тарап Хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде беруге тиіс.

10.4. Жалға беруші Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелерін сақтаған кезде Жалға алушыға тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға, сондай-ақ Жалға алушыдан Шартты бұзудан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

10.5. Жалға алушыда Шарттың қандай да бір ережелерін бұзу орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған кезде Шарттың мұндай тарабы Жалға берушіні кез келген ыңғайлы тәсілмен, оның ішінде байланыс ақпараты Жалға берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған «жедел желі» арқылы дереу хабардар етуге міндеттенеді.

## 11. Санкциялық ескерту

11.1. Тараптар Жалға алушының кепілдіктері негізінде шарт жасасады және оларға адал сенім артады. Жалға алушы мынаған кепілдік береді:

11.1.1. Жалға алушы да, оның аффилиирленген тұлғалары да, жалға алушының барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне енгізілмеген және (немесе) Sdn Санкциялар тізімінде (арнайы жобаланған ұлттар мен бұғатталған тұлғалар тізімі – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (Foreign financial Institutions Subject тізімі correspondent account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non – Sdn Menu-Based Sanctions List-SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы

министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы басқарады (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізімі;

11.1.2. Шартты жасасу және/немесе оны жалға алушының орындауы осы тармақтың 11.1.1 тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды;

11.1.3. Жалға алушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – жалға алушының шоттары, оның ішінде осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттар өздеріне қатысты активтерді қатыру режимі қолданылатын ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болады (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі Басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of financial Sanctions implementations in the UK) және (немесе) Sdn (special Designated Nationals and Blocked) тізімдерінде persons list – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған адамдардың тізімі), CAPTA (Foreign financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions тізімі – корреспонденттік шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non – Sdn Menu-Based Sanctions List-SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы басқарады (Office of Foreign Assets control of U. S. Department of the Treasury);

11.1.4. Жалға алушының атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) Sdn (specially Designated Nationals and Blocked persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (Foreign Financial Institutions list) тізімдеріне енгізілмеген Correspondent account or Payable-Through Account Sanctions субъектісі-корреспонденттік шотты немесе түпкілікті төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын MBS (non-Sdn Menu-Based Sanctions List – Sdn-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізімі.

11.2. Егер Жалға алушының қандай да бір кепілдігі жалған, дәйексіз және (немесе) дәл болмаса, Жалға алушы екінші Тараптың талабын алған күннен

бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Жалға алушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәлсіздігі нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте, Жалға беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.3. Егер Шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданыстағы Санкциялық Актінің (**«Жаңа Санкциялар»**) қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай жаңа санкциялар Санкциялар:

11.3.1. ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін; және (немесе)

11.3.2. осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін; және (немесе)

11.3.3. бұзушылыққа немесе өнім жеткізуді/қызмет көрсетуді тоқтатуға әкеп соқтыруы мүмкін;

11.3.4. Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады; және (немесе)

11.3.5. мұндай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар,

(бірге – **«Жаңа Санкциялардың Салдары»**),

мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап \_\_\_\_\_ күн ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі **«Санкциялар туралы хабарлама»** деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

11.4. Тараптар Санкциялар туралы Хабарлама ұсынылған күннен бастап күннен кешіктірмей осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ алдын алу немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы кездесу(лер)/келіссөздер жүргізеді осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда, Жаңа Санкциялардың мұндай теріс әсері (**«Адал келіссөздер»**).

11.5. Тараптар жүргізілген Адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде, Тараптар \_\_\_\_ күн ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде өздері келіскен шараларды іске асыру үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

11.6. Тараптар Адал келіссөздердің бірінші күні өткеннен кейін [\_\_\_\_\_] өткеннен кейін келісімге қол жеткізбеген кезде кез келген Тарап кез келген уақытта жаңа санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған, Жаңа Санкциялардың салдарына әкеп соққан Тарапқа («**Тыйым салынған Тарап**») келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама жіберуге құқылы («Келісімге қол жеткізбегені туралы хабарлама»). Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тараптар Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

11.7. Жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, Тараптар, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру немесе \_\_\_\_\_ (валютаны көрсету) Жалға беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкцияларға, байланысты өзге де түрде орынсыз болып қалса, 11.8-тармақтың ережелер Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолданылуға жататынымен және мұндай жағдайда 11.5 және 11.6-тармақтардың ережелерін қолдануға болмайтындығымен келіседі.

11.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру немесе (валютаны көрсету) Жалға алушы үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де орынсыз болып қалса, Тарап басқа Тарапты жазбаша түрде бұл туралы хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі Тарап бұл туралы жазбаша нысанда және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны (валютаны көрсету) жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісетін) («**Баламалы валюта**») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелері, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

11.9. Егер осы Шартта өзгесі көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 11.8-тармақ қолданылған жағдайда, теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен, онда Тараптар осындай төлемдерді немесе есеп айырысуларды АҚШ долларымен жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күнге) немесе егер Қазақстан өзінің интернет

сайтында тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты жарияламаса ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)), курс бойынша\_\_ (басқа елдің баламалы Ұлттық Банкін көрсету), тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн), Республиканың Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетініне келіседі.

\* осы тармақ шетел валютасында жасалатын шарттар бойынша қолданылады

## **12. Қосымша талаптар**

12.1. Осы Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және «\_\_\_\_» «\_\_\_\_» 20\_\_\_\_ жылға дейін қолданылады ал өзара есеп айырысу бөлігінде - Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған сәтке дейін.

12.2. Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өз міндеттерін тиісінше орындаған Жалға алушының басқа тұлғалар алдында жаңа мерзімге Шарт жасасуға басым құқығы болмайды.

12.3. Жалға алушының Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Жалға берушінің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

12.4. Шарттағы барлық өзгерістер мен толықтырулар, қабылдау – тапсыру актілері осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, Шартта көзделген талаптарды қоспағанда және оларды жазбаша нысанда жасалған, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және мөрлермен бекіткен жағдайда ғана жарамды.

12.5. Барлық хабарламалар және осы Шартпен талап етілетін немесе көзделген өзге де хабарлар жазбаша түрде жасалуы тиіс. Егер барлық хабарлар немесе хабарламалар жеке, факс, телекс немесе Тараптардың мекен-жайлары бойынша курьерлік пошта арқылы жеткізілсе, тиісті түрде берілген болып саналады.

Шартты бұзу туралы хабарлама тапсырыс хатымен жіберілуі тиіс. Аталған хабарлама жіберген Тарапқа Шарттың бұзылуы туралы хабарламаны басқа Тараптың алғаны туралы пошталық хабарлама берілуі тиіс.

12.6. Шарт бойынша немесе онымен байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медиация арқылы шешіледі.

12.7. Келіссөздер арқылы келіспеушіліктерді шешу және медиация рәсімін жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Астана қаласының сотында қаралуға жатады.

12.8. Шарт мемлекеттік тілде және орыс тілінде бірдей заңды күші бар 2 (екі) бірдей данада, Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан жасалған.

Шарт мемлекеттік тіркеуге жататын жағдайларда, ол мемлекеттік және

орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар 3 (үш) бірдей данада жасалады: Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан және уәкілетті тіркеуші орган үшін бір данадан.

### 13. Мекенжайы, деректемелер және Тараптардың қолдары

Жалға беруші:

Жалға алушы:

\_\_\_\_\_  
(толық атауы)

\_\_\_\_\_  
(толық атауы)

\_\_\_\_\_  
(мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(есеп шоты, банк атауы)

\_\_\_\_\_  
(есеп шоты, банк атауы)

\_\_\_\_\_  
(ЖСН/БСН, МФО, БИК, КБЕ)

\_\_\_\_\_  
(ЖСН/БСН, МФО, БИК, КБЕ)

\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

\_\_\_\_\_  
/ \_\_\_\_\_/М.О.

\_\_\_\_\_  
/ \_\_\_\_\_/М.О.

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_  
мүліктік жалдау (жалға беру) шартына



## № 1 қосымша

**Мүліктік жалдауға (жалға беруге) берілетін алаңдардың тізбесі**

Р/ с №	Объект атауы	Орналас қан жері	Жалпы ауданы ./ саны	Құны ҚҚС-сыз 1 шм/бірл., теңге	Құны ҚҚС-мен 1 шм/бірл., теңге	Айына жалға беру ақысы ҚҚС-сыз	Айына жалға беру ақысы ҚҚС- мен	Жалға беру ақысы Шарт бойынша, ҚҚС-мен	Ескерт пе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

**Жалға беруші:****Жалға алушы:**

(тегі, аты-жөні,) \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні,) \_\_\_\_\_

(қолы) М.О.

(қолы) М.О.

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_  
мүліктік жалдау (жалға беру) шартына

## № 2 қосымша

«нысан»

**Қабылдау-тапсыру актісі**

\_\_\_\_\_ қ.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (Жалға беруші) және \_\_\_\_\_ (Жалға алушы), Жалға берушінің беретіні, ал Жалға Алушының \_\_\_\_\_ мекен-жайы бойынша орналасқан мүлікті (бұдан әрі – Алаң) қабылдайтыны туралы осы мүлікті қабылдау-тапсыру актісі жасалды.

Бұл ретте Тараптар Алаңның оның қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз ететін күйде екенін растайды.

Осы қабылдау-тапсыру актісі Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан, бірдей заңды күші бар, 2 (екі) бірдей данада жасалды.

**Жалға беруші:**

\_\_\_\_\_

**Жалға алушы:**

\_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_  
мүліктік жалдау (жалға беру) шартына

№ 3 қосымша

**Техникалық сипаттама  
(Алаңның нысаналы мақсатына байланысты)**